

1997 жылы әскер қатарына шақырылатын жастардың дене және жүйке-психикалық жай-күйіне серпінді байқау мен зерделеу ұйымдастыру және өткізу бойынша эксперимент жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 3 шілдедегі N 210

1. Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігінің Қазақстан Республикасының Ақмола облысында қоса беріліп отырған Бағдарламаға сәйкес 1997 жылы әскер қатарына шақырылатын және шақырылу жасындағы жастардың дене және жүйке-психикалық жай-күйіне серпінді байқау мен зерделеу ұйымдастыру және өткізу бойынша эксперимент жүргізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Эксперименттің I кезеңін өткізуге байланысты 2 (екі) млн. теңге сомасындағы шығыстар 1997 жылдың республикалық бюджетінде Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігінің жастар саясаты жөніндегі шараларын жүргізуге көзделген қаражаттың есебінен

жүргізілетіндігі ескерілсін.

3. Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі эксперименттің I кезеңінің қорытындылары бойынша тәжірибені одан әрі жүргізу мен оны қаржыландырудың көздері туралы ұсыныс енгізсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1997 жылғы 3 шілдедегі
N 210 өкіміне
қосымша

Әскерге шақырылатын және шақырылу жасындағы жастардың дене және жүйке-психикалық жай-күйін динамикалық бақылау мен зерттеуді ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі эксперимент

БАҒДАРЛАМАСЫ

I КЕЗЕҢ

КІРІСПЕ

Эксперименттің бағдарламасын Ақмола қаласында "Тамыр" ғылыми-зерттеу орталығының авторлар ұжымы "Жалпы әскери міндеттілік және әскери қызмет" туралы Қазақстан Республикасы Заңының негізінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі қызметке әскер қатарына шақырылатын және шақырылу жасындағы жастардың дайындығын жақсарту мақсатында әзірледі.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің резервін қалыптастыру проблемасының орын алуы мен өзектілігі Қарулы Күштер қызметінің мерзімі қысқартылуы жағдайында шақырылушы контингенттің дайындығының әртүрлі қырларына күннен-күнге неғұрлым қатаң талаптар қойылуда, ал сонымен бір мезгілде жалпы білім беру және кәсіптік мектептердегі осы заманғы бағдарламаларда әскерге шақырылатын және шақырылу жасындағы жастардың денсаулығының жай-күйіне, дене, функционалдық және психологиялық дайындықтарына армияның ұдайы өсіп отырған талаптары ескерілмейді.

Экспериментті өткізу қажеттігі соңғы бес жылда Қазақстан

Республикасының Қарулы Күштеріндегі қызметке жастарды дайындау жүйесінде қалыптасқан жағдайдан туындады.

Ақмола облысында жүргізілген зерттеулер әскери-дәрігерлік комиссиялар әскерге шақырылғандардың арасында әскери қызметке жарамсыз деп танылған жастар санының тұрақты өсімін тіркеді. Егер, 1992 жылы шақырылушылардың 20% әскери қызметтен босатылуы туралы анықтама алса, 1993 жылы - 30%. Шақырылушылардың денсаулығын сауықтыру проценті 1993 жылы 40,9-ға тең болса, 1994 жылы 36-ға жеткен. Бұл тенденция кейінгі үш жылда да сақталды.

Ақмола облысындағы шақырылушылардың денсаулығы
жай-күйінің өзгерісі

процентпен

N	Шақыру комиссиясының қорытындысы	1993 1994 1995		
		_____	_____	_____
	жыл			
1.	Саптағы қызметке әзір	78	69,3	68,3
2.	Емделу үшін кейінге қалдырылғандар	5,3	8,9	13,7
3.	Бейбіт уақытта да әскери қызметке			

жарамсыздар	16	20,7	16,9
4. Әскери есептен алынатын әскери қызметке жарамсыздар	0,7	1,1	1,1

Жалпы алғанда, республикада жыл сайын диспансерлік бақылауда тұратын аурушаң жасөспірімдер санының өскені, сауықтырылған жастардың процентінің және жасөспірімдер мен жастарға арналып өткізілетін емдеу-сауықтыру шаралары деңгейінің төмендегені байқалады.

Істің мұндай жағдайы мынадай бірқатар факторлармен:

тиісті тәрбие жұмысының ғылыми-әдістемелік базасы мен оны жүргізуге жауапты адамдарды айқындайтын нормативтік құжаттардың бірқатар жылдар бойы жасалмауынан;

нысаналы бағытталған ғылыми-әдістемелік әдістеменің, дене тәрбиесі мұғалімдері, класс жетекшілерінің іс-қимылдарын үйлестірудің жоқтығынан;

осы жұмыстың жай-күйін талдау мен бағалаудың талап етілмеуінен;

шақырылушылар мен шақырылатындарды дайындау, соның ішінде дене дайындығында отбасы, мектеп және жұртшылық қызметінде бірыңғай жүйенің жоқтығынан туындауда.

Күні бүгін оған бала бақша - мектеп - армия буындарындағы емдеу және дене тәрбиесі-сауықтыру жұмысында жалғастылық ізінің жоқтығы қосылды. Осындай қызметтің бірыңғай республикалық бағдарламалық-нормативтік негізі де жоқ.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Бағдарламада жасөспірімдер мен жастардың организміне сыртқы ортаның түрлі факторларының әсер етуіне байланысты олардың физикалық және нерв-жүйке жай-күйін динамикалық бақылауды ұйымдастыру мен жүргізу және зерттеу жөніндегі негізгі бағыттар мен ұсыныстар бар.

2. Бағыттар мен ұсыныстар дегеніміз - зерттеу объектілерін іріктеу жөніндегі ережелердің, әдістердің, рәсімдердің және тәсілдердің жиынтығын, ақпаратты жинау мен жиынтықтауды, деректерді өңдеу мен талдауды, нәтижелерге баға беруді және осының негізінде зерттеушілердің дамуын жақсарту жөнінде ұсыныстар беруді, олардың денсаулығын сақтау мен нығайтуды білдіреді.

3. Бағдарлама:

әртүрлі факторлардың әсер етуімен зерттеушілердің физикалық, функционалдық деңгейінің өзгерісі мен нерв-жүйке дамуын динамикалық бақылау мен нақтылы

бағалаудың тиімді жүйесін құруды;
зерттеушілердің физикалық, функционалдық және нерв-жүйке даму

деңгейінің қоршаған орта факторларына тәуелділігін және сауықтыру шараларының тиімділігін зерттеу мен талдау;

емдеудің қолданыста бар тиімділігін арттыруды және сауықтыру шараларының жаңа әдістемелерін әзірлеуді;

жасөспірімдер мен жастардың денсаулығын қорғаудың және нығайтудың автоматтандырылған компьютерлік жүйесін құруды көздейді.

II. Зерттеу объектісі

4. Зерттеу объектісінің сипаттамасы.

Осы зерттеулердің объектісі "орта - жасөспірімдер мен жастар" жүйесі ретінде қаралады.

Осы зерттеулердің моделі объектіде мынадай элементтердің болуын көздейді:

орта (экологиялық, әлеуметтік, психологиялық, гигиеналық факторлар, оқуды немесе еңбекті ұйымдастыру процесі, дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын насихаттау);

жасөспірімдер мен жастар (әлеуметтік-биологиялық мәртебесі, физикалық, функционалдық және нерв-жүйке дамуы).

5. Жас ерекшеліктеріне қарай топтарды қалыптастыру.

Зерттеу жас ерекшеліктері төмендегідей топтарда жүргізіледі:

15-16 жас,

17-18 жас.

Жас ерекшеліктері бөлек әрбір топтың саны кем дегенде 50 адам болуға тиіс.

6. Объектіні сипаттайтын көрсеткіштер.

Зерттеушілердің физикалық жай-күйінің деңгейін (денсаулығының деңгейін) сипаттау үшін дәстүрлі медициналық бақылаудың (диспансерлеудің деректерін пайдалану көзделеді, олар мыналар: физикалық дамуының негізгі белгілері, функционалдық жай-күйі (функционалдық сынақтың белгілерін қоса алғанда), дене дайындығы және оны бағалау.

Зерттеушілердің нерв-жүйке денсаулығының жай-күйі жас ерекшелігіне қарай

нерв-жүйке дамуы және неврологиялық дисфункциясының көрсеткіші бойынша бағаланады.

III. Деректерді талдау және бағалау

7. Деректерді талдаудың мақсаты мен міндеттері.

Талдаудың мақсаты - ақпаратты өңдеуді аяқтау және қолайсыз факторлардың ықпалын жұмсарту, медициналық қызмет көрсетуді, оқу мен еңбек процесін жақсарту, дене тәрбиесін жетілдіру және зерттелудегі құрамның денсаулығын сақтау мен нығайту жөніндегі өзге де шаралар бойынша ұсыныстары бар құжаттар беру.

8. Деректерді автоматтандыру (компьютерлендіру) жолымен өңдеу.

Деректерді автоматтандырылған жолмен өңдеу процесі соматометриялық белгілері, жасөспірімдердің дамуы және орта факторларының көрсеткіштері туралы деректері бар файлдарды қалыптастыру. Осындай жолмен тұжырымдалған файлдар:

дене функционалдық және нерв-жүйке дамуын бағалау схемасының негізінде (диагноз қоюға қарағанда денсаулықтың жай-күйі туралы анағұрлым кең түсінік беретін "денсаулық паспорты") жасөспірімдер мен жастардың дене жай-күйінің жас ерекшелігі сипаттамасын жасау;

біртекті және әртекті топтарда (факторлардың әсер етуін анықтау мақсатында) зерттелген жылдары бойынша дене функционалдық және нерв-жүйке дамуын салыстырмалы бағалауды дайындау;

әрбір зерттелуші үшін денсаулығын сақтау мен нығайту жөнінде

жеке кеңестер беру үшін пайдаланылады.

IV. Ұсыныстар әзірлеу

9. Ұсыныстар әзірлеу процесінде ұсыныстар кешені жасалады және мақұлдаудан өтеді, оларды енгізу зерттеушілердің организміне сыртқы орта факторларының қолайсыз ықпалын барынша жұмсартуға, олардың денсаулығын мақсатты түрде қалыптастыруға, сақтауға және нығайтуға мүмкіндік беруге тиіс.

Аталған кешенге:

тұрмыс жағдайын жақсарту (әлеуметтік сала);

медициналық қызмет көрсетуді жақсарту;

дене қозғалысы белсенділігін қалыпқа түсіру (қолайлы режим);

суық тиюден болатын ауруларға төзімділікті арттыру (шынығу);

тамақтану режимін ұтымды ету және тепе-теңдікті сақтау;

дене дамуын жақсарту;
нerv-жүйке және рухани дамуды жетілдіру жөніндегі ұсыныстар
енеді.

10. Кеңестердің негізінде жасөспірімдер мен жастар үшін
сауықтыру шараларының кешенді жүйесін құру ұсынылады.

11. Алынған деректерді талдау мен бағалау зерттеушінің дене
жай-күйінің деңгейін бағалауға және денсаулықты сақтау мен нығайту
жөнінде ғылыми негізделген жеке кеңестер беруге мүмкіндік беретіндей
бұрынғы бар компьютерлерді жетілдіруге және жаңа компьютерлік
технология құруға мүмкіндік береді.

V. Бағдарламаның негізгі бөлімдері

1. Дәрігерлік бақылау

Мынаны әзірлеу көзделеді:

әскер қатарына шақырылушылар мен әскер қатарына
шақырылғандардың дене жай-күйі деңгейінің бастапқы, ағымдағы және
қорытынды бақылауы үшін ақпараттық және ақиқат аппаратсыз тестердің
тізбесі;

жасөспірімдердің педиатр-дәрігерлері мен әскери-дәрігерлік комиссия үшін
автоматтандырылған бақылау жүйесін жасау.

2. Дене тәрбиесі

Мыналар көзделіп отыр:

оқу-жаттығу жұмысын ұйымдастыру мен жаттығу тапсырмаларын жоспарлаудың
осы заманғы әдістемелерінде әскери-спорттық және қозғалмалы ойындарды,
марш-жарыстарды, жорықтарды, табиғи және жасанды тосқауылдардан өтуді (ілеспе
жаттығу), спорттың ұлттық түрлері мен халық ойындарын ескеріп, осы әдістемелерді
жасау;

кінәратсыз өмір салты, күн режимі, жеке бастың гигиенасы мен
тамақтану гигиенасы, организмді шынықтырудың принциптері мен
әдістемелері туралы лекциялар курсы әзірлеу;

жасөспірімдер мен бозбалалардың дене шынықтыру әзірлігіне педагогикалық бақылау жасау нысандары мен әдістерін және баға беру жүйесін айқындау.

3. Психологиялық әзірлік

Психологиялық әзірлік:

жасөспірімдер мен бозбалалардың жеке басының қасиеттерін сынақтан өткізуді;

сананың көңіл-күй және реттеушілік жақтарын дамытуды;

себеп-салдарларды қалыптастыруды; әлеуметтік-психологиялық бейімдеуді қалыптастыруды;

қадір-қасиет бағдарларының бағыты мен психологиялық мазмұнын қалыптастыруды; психологиялық үйлестіру әдістемелерін; жеке бастың сипаттамаларын тәрбиелеуді қамтиды.

4. Әскери-патриоттық тәрбие

Қазақстан халықтарының тарихи мысалдары мен дәстүрлерінде қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу;

жергілікті материалды пайдалану;

әскерге шақырылатындар мен шақырылушылардың ата-аналарымен жұмыс істеу;

моральдық-адамгершілік тәрбие беру жөніндегі әдістемелерді жасау.

5. Құқықтық тәрбие

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен әскери қызмет туралы заңдарын, әскери антты, әскери жарғылар мен тәлімдемелерді оқып-үйрену жөнінде тақырыптық сабақтар жасау.

VI. Қорытынды

12. Ұсынылып отырған тәжірибе бағдарламасы мыналарға мүмкіндік береді:

1) 15 жастан бастап жасөспірімдердің (аудандық аурухана немесе әскери-дәрігерлік комиссия деңгейінде) денсаулық жағдайын қарапайым аспаптардың көмегінсіз, бірақ ақпараттық және нақтылы әдісті (тест арқылы) қолдану жолымен алғашқы тексеруді және тұрақты бақылауды ұйымдастыра отырып, кейіннен автоматтандырылған өңдеу негізінде деректерді бір орталыққа жинау;

2) түрлі әскер түрлеріне қойылатын талаптарды ескере отырып, әскерге шақырылатын және шақырылуға дейінгі жастағы жастарды даярлау жүйелерін жетілдіру және жаңғырту;

3) организмнің күш-қуат және дұрыс жұмыс істеу жағынан даярлығының ғылыми негізделген нормативтері негізінде әскерге шақырылғанға дейінгі жастарды, дене тәрбиесі бағдарламаларын ғылыми-әзірлеу;

4) организмнің түрлі факторларға төзімділігінің зиянды болуы мүмкін және зиянды деңгейлерін дер кезінде анықтауға мүмкіндік беретін жедел-тестерді және арнайы оңалту шараларын әзірлеу;

5) әскерге шақырылғандармен және әскери қызметшілермен жұмыс жүргізуді психологиялық жағынан қамтамасыз етеді, ал қажет болған жағдайда жекелей үйлестірулер жасап отыруды ұйымдастыру.

Әскерге шақырылғандардың, әскери қызмет жағдайында оның мінез-құлқын сенімді басқаруға мүмкіндік беретін жеке мінездемелерін жасау;

6) мектептегі қоғамдық пәндер курстарына республикалық заңдардың азаматтардың әскери міндетіне қатысты бөліктерін оқып-үйрену, жақсы әскери дәстүрлер негізінде қазақстандық патриотизмдерді тәрбиелеу жөнінде арнайы сабақтар енгізуді ескере отырып оларға түзетулер енгізу.